**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Философия және политология факультеті**

**Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы**

**Философия және саясаттану факультетінің**
**Ғылыми кеңесінде бекітілді**
**№1 хаттама «05» қыркүйек 2024 ж.**
**Факультет деканы**
**профессор Мейрбаев Б.Б.**

# ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

**OPK 3302**
**Психологиялық кеңес берудің негіздері**

**«6В03107 – Психология» мамандығының**

**202-2024 оқу жылы**
**3 курс**
**көктемг ісеместр**
**кредит 3**

**Алматы 2023 г.**

Пәннің ОӘК мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарының негізінде жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы Ж.Б.Укеевамен құрастырылды.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.
«__6_» 06___ 2023 ж., хаттама № _14_

Кафедра меңгерушісі ____________________ Мынбаева А.К.

## Алғы сөз

«Психологиялық кеңес беру негіздері» курсы психологиялық пәндер жүйесінде белгілі бір маңызды орынды алады және оны психологтардың кәсіби сәйкестілігін нақтылау үшін қолдануға болады.

**Пререквизиттері:** "Даму психологиясы", "Дифференциалды психология", "Тұлға психологиясы".
**Постреквизиттері:** "Психотерапия негіздері", "Басқару психологиясы" "Психологияны оқыту әдістемесі", "Төтенше жағдайлардағы психологиялық көмек".

Пәннің мақсаты - студенттерге қазіргі заманғы психологиялық кеңес берудің теориялық және әдістемелік негіздерін үйретуге, психологиялық көмектің кәсіби мәселелерін шешуге және әр түрлі психологиялық техникалар мен технологияларды практикада қолдану үшін қажетті дағдыларды игеруге бағытталған психологиялық кеңес берудің негіздерін меңгеру.

Пәнді игерудің міндеттері: студенттердің пән бойынша теориялық және практикалық білімдерін көрсету қабілеттерін қалыптастыру және психологиялық кеңес беру негіздері, формалары мен мазмұны бойынша алған білімдерін практикада қолдана білу.

**Пәнді меңгеру нәтижесінде студенттер төмендегідей дағдыларды меңгере білуі керек:**

- психологиялық кеңес беру саласындағы негізгі бағыттарды білу;
- психологиялық кеңес беру саласында кәсіби көзқарасқа ие болу;
- психотехникалық талдау негіздерін меңгеру, кеңес психолог жұмысының негізгі дағдысы ретінде;
- психологиялық кеңес беру процесін жүргізудің ғылыми және практикалық әдістеріне ие болу;
- кеңес беру бойынша талаптарды білу және сақтау.
- клиенттер үшін кәсіби психологиялық ұсыныстарды қалыптастыру кезінде талдау және ұзақ мерзімді жоспарлау әдістерін қолдану;
- жеке және топтық жұмыстың тұлғалық, мінез-құлық, кәсіби дағдыларын меңгеру;
- психологтың кәсіби қызметінде кәсіби әдеп қағидаларын сақтау.
- болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын ұғыну;
- кәсіби іс-әрекетін орындауға жоғары мотивацияның болуы.